

**Әкімнің 2019 жылғы 14 мамырдағы № 1 "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 қыркүйектегі № 11 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 11 қыркүйекте № 9447 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің 10.09.2021 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарасу ауданы Восток ауылдық округі әкімінің "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы" 2019 жылғы 14 мамырдағы № 1 шешіміне (2019 жылғы 20 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8435 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспеде және 1-тармақта "Восток ауылдық округінің", "Восток ауылдық округі" сөз тіркестері "Қарасу ауылдық округінің", "Қарасу ауылдық округі" сөз тіркестерімен ауыстырылсын;

2-тармақта "Восток ауылдық округі әкімінің аппараты" сөз тіркесі "Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты" сөз тіркесімен ауыстырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын.

2. "Қарасу ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарасу ауылдық округінің әкімі*

*С. Мағзумов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК